

## МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

<b>Жумағұлов Б.С.</b> Мәңгілік ел идеясы - ұлт мұраты.....	3
<b>Хабижанова Г.Б.</b> Моделирование нетрадиционных форм работы с историческим источником в практике преподавания отечественной истории.....	6
<b>Балахметова Г.К.</b> Применение новых образовательных технологий в преподавании истории Казахстана.....	8
<b>Нұрманбетқызы Ж.</b> Елбасының Қазақстан халқына Жолдауларында жастарға сапалы бәсекеге қабілетті білім беру мен оқыту туралы идеялары.....	13
<b>Сатаева Ж.</b> Тарихи таным бастауы.....	16
<b>Әбдіғұлова Б.Қ., Жумашева С.С.</b> Отансүйгіштік, адамгершілік, толеранттылық қасиеттерді студенттердің бойында қалыптастырудың жолдары.....	18
<b>Джайнакбаева Г.Т.</b> Передовые образовательные технологии в преподавании истории.....	22
<b>Қартабаева Е.Т.</b> Дін тарихы бойынша зерттеулерді таңдау пәндерін қалыптастыруда пайдалану.....	26
<b>Сайфулмаликова С.С.</b> Қазақстан тарихы пәнін оқытудағы сыни тұрғыдан ойлау технологиясы.....	29
<b>Жусанбаева Г.М.</b> Тарихи білім берудің өзекті мәселелері.....	34
<b>Даулбаев Т.Ф.</b> Особенности применения коучинг технологий в образовательном процессе.....	36
<b>Нуржанова А.Н.</b> Значение дисциплины «религиоведение» как основной формы научного изучения и передачи знаний о религии.....	38
<b>Аупенова А.У.</b> Некоторые вопросы применения тестовых методика обучения.....	41
<b>Джандаралова Г.К., Мазбаева А.А.</b> Қоғамдық гуманитарлық пәндерді оқытуда ақпараттық және ойын технологияларын қолдану.....	46
<b>Тулехова М.К.</b> Толеранттылық- ұлтаралық қарым - қатынас мәдениетін нығайту факторы ретінде.....	49
<b>Ожаева Б.Б.</b> Ғылым мен инновация - жаңашылдық арқауы.....	51
<b>Қошымова А.О., Арыстанбекова Қ.Д., Сандықбаева Ө.Д.</b> Есім хан тұлғасын оқытудың кейбір әдістемелік мәселелері.....	55
<b>Қошымова А.О., Арыстанбекова Қ.Д., Сандықбаева Ө.Д.</b> Бұрындық хан тұлғасын оқытудың тиімді әдістемелік жолдары.....	58
<b>Бақауова Г.Б.</b> Бәсекеге қабілетті болашақ мамандарды шығармашылыққа бағыттау.....	60
<b>Қырғызхан Г.</b> Толеранттылық- сан алуан тұрғыдағы бостандық.....	63
<b>Әбдіғұлова Б.Қ., Сансызбаева Э.</b> Отанымызды нығайту мен өркендетудің негізі- жастарды қазақстандық патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу .....	64
<b>Завьялова Д.И., Жуманова Г.Б.</b> Қазақстанның болашағы- қазақ тілінде.....	70
<b>Адаева Г.А.</b> Гендерлік білім беру арқылы функционалдық сауаттылықты қалыптастыру.....	72
<b>Әбдіғұлова Б.Қ., Бақауова Г.Б.</b> Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесі» курсының мазмұны-студенттердің құқықтың мәдениеті мен экономикалық сауаттылығын қалыптастырудағы басты қадам.....	74
<b>Байбосынова Г.Д., Адилбеков С.Ж.</b> Өзбекәлі Жәнібеков- қазақ мәдениетін зерттеуші.....	78
<b>Матаева Н.А.</b> Шәкірім және Алашорда.....	80
<b>Құсайынов М.С.</b> Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Ақмола облысы.....	82
<b>Исаев М.С.</b> «Тарихнама» пәнінің мазмұны болашақ тарих мұғалімдерін кәсіби даярлауда « Мәңгілік ел» ұлттық идеясы құндылықтарына бағдарлау факторы.....	85

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. АБАЯ**

**ТАРИХ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ КАФЕДРАСЫ**



**ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ТАРИХ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ  
ӘДІСТЕМЕСІН ДАМУЫ МЕН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ  
атты республикалық ғылыми- практикалық конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**22 - сәуір 2016 жыл**

**МАТЕРИАЛЫ**

**Республиканский научно –практической конференции  
«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ И СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ МЕТОДИКИ  
ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ И ОБЩЕСТВЕННЫХ ДИСЦИПЛИН НА  
СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ**

**22 апреля 2016 года.**

**Алматы, 2016**

## БҰРЫНДЫҚ ХАН ТҰЛҒАСЫН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖОЛДАРЫ

Арыстанбекова Қ.Д. - ҚазҰУ, ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің аға оқытушысы,

Қошымова А.О. - ҚазҰУ, Тарих, археология және этнология факультетінің  
2-курс PhD докторанты,

Сандықбаева Ө.Д. - ҚазҰУ, ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің аға оқытушысы

Қандай да мемлекет өз болашағын ойласа, ең алдымен, ғылымын, білімін жетілдіруі керек. Бүгінгі студент келешекте білікті маман болып қана қоймай, ар-намысын ойлайтын, ел бірлігін, ұлтының, жерінің қауіпсіздігін қорғайтын, халқын сүйетін, ұлтының тілін, дінін, өнерін, ата-бабасының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тарихын құрметтейтін ойлы, саналы, отансүйгіш азамат болуы қажет. Ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеуде, негізгілердің бірі болып табылатын, Қазақстан тарихы пәнінің маңызы зор екендігін айтпаса да түсінікті.

XV-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығы тарихы – жеке мемлекет ретінде құрылуымен, хандарының елді билеу ерекшелігімен, өзіндік тарихи бедерінің күрделілігімен ерекшеленеді. Тарихи сахнаға Керей, Жәнібек, Қасым, Хақназар, т.б. сияқты хандар шықты. Солардың бірі өмірінің соңында саяси аренада өзін жақсы қырымен көрсете алмаған, тағдыры аянышпен аяқталып, жат жерде қайтыс болған, қазақ хандығын 40 жылдай билеген – Бұрындық болды. Бұрындық хан өмірінің саналы бөлігі Қазақ хандығының құрылу және нығаю кезеңдерімен тығыз байланысты.

Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі екінші кезеңде Бұрындық пен Қасым сұлтандардың саяси аренаға шығуын байқаймыз. Бұрындық хан есімі алғаш рет тарихи деректерде екінші кезең оқиғаларына байланысты кездеседі. Алғаш қазақ хандығы жеке мемлекет болып, оны Керей басқарады, ол қайтыс болғаннан кейін Кереймен бірге еңбек сіңірген Жәнібек сұлтан хан болып, елді билейді. Алғашқы екі ханымыз хандықты құруға барын салса, Бұрындық болса Жәнібек хан тұсында ұлыс басқарып, Жәнібек ханның жарлықтарын орындап жүрді. Осы тұста студенттерге бұл жылдары Бұрындық есімі алғаш рет «хан» атымен жазба деректерге енгендігі жөнінде атап өту маңызды. Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі алғашқы саяси даму жолы Бұрындық хан есімімен тікелей байланысты.

«Керей хан қайтыс болғаннан кейін хандық таққа оның ұлы Бұрындық хан отырды. Жоғарыда аталған Қасым хан Жәнібек ханның баласы болатын әрі әкесі сияқты барлық іс жағынан Бұрындық ханды тыңдап, соған бағынатын еді» /1,306/.

Т.И. Сұлтановтың пікірі бойынша Бұрындық хан 1473-74 жж. билік басына келген /2,112/. Оның есімі Қазақ хандығының алғашқы дәуірімен тығыз байланысты. Бұрындық билік құрған алғашқы жылдары Қазақ хандығы едәуір күшейіп Орта Азиядағы мықты елдердің қатарына қосыла бастады. Ортағасырлық автор Рузби хан: «Қазіргі уақытта қазақтың ең басты ханы Бұрындық. Егер ол ұлысына әмір берсе тез арада мыңға жуық қаруланған атты әскер жинай алады... Оларда қару-жарақ пен азық-түлік, жылқы көп», - деп жазды /3/.

Қазақ хандығы мен көрші мемлекеттер арасында Сыр бойы қалалары үшін соғыстар үздіксіз жүріп отырды. Ол қалалар бірде қазақ хандары қолынан шығып қалса, екінші бірде қайтарып алып отырды. Сондай тартыстардың бірінде Мұхаммед Шайбани Түркістанға қайта оралып, Ноғай Ордасының әмірі Мұса мырзаның көмегіне сүйене отырып, Аркөк бекінісі мен Сығанақ қаласын басып алады. Алайда бұл уақытша жеңіс еді. Артынша Бұрындық сұлтан мен Махмұд сұлтан бастаған қазақтың біріккен әскерлері Қаратаудағы Соғыншық асуы түбінде, Созақ пен Сығанақ аралығында, Мұхаммед Шайбанидың әскерлерін талқандады. Бұрындық сұлтан Сығанақ қаласын қайтарып алды. Бұл шайқаста күйрей жеңілген Мұхаммед Шайбани Маңғыстауға қашып кетті. Сыр бойындағы қалалар қайтадан Қазақ хандығының қолына өтті.

Бұл күрес Бұрындық хан болғаннан кейін де жалғасын тапты.

XV ғасырдың 80-ші жылдарында Жәнібек ханның тоғыз ұлының беделі өседі. Олардың ұлысы кеңейіп, қалалар солардың иелігіне қарайды.

XV ғ. 1  
Моғолста  
Шайбани  
иды би  
рет ұғ  
Бұрын  
Студе  
мақтар  
радағы  
Әрібаев  
ни ұлда  
ыртқы  
Аймағы  
жағына,  
Тіпті ол  
ұлдарым  
Одақтас  
...Сон  
үшін екі  
Моғолст  
қарында  
күн пай  
Бұл  
басқара  
бірінің і  
Бұры  
астына  
де өзін  
1505-15  
кезде ж  
орын а  
әрсетк  
аталған  
жасаған  
оның к  
Бұры  
болып  
ханны  
болып  
/5,217/  
жорық  
XV  
заман  
Жәніб  
Жәні  
ықпал  
үстем  
алмай  
оның  
жағда  
мүмкі

XV ғ. 80-90 жылдары Мауренахрда қайшылық үдей түседі. Себебі қазақтардың күшеюіне Моғолстан қарсыласып бағады. Бірақ моғол ханы Сұлтан Махмұт оны өз қолымен емес, Шайбани ханды айдап салуға тырысып, Мауренахрдың өзіне қаратқан аймағына Шайбани билеуші етіп қояды. Қазақтар моғол ханының бұл ісіне наразы болып, екі ел арасында төрт рет ұрыс болып өтеді. Екі ұрыста да қазақтар жеңіске жетеді. Бұл жеңістердің барлығына Бұрындық ханның қосар үлесі зор.

Студенттерге XV ғасырдың 90 - жылдарынан бастап Бұрындық хан мен Жәнібек хан арасында түсініспеушіліктер орын алғандығы жөнінде мәлімет беріп өту қажет. Мәлімет бұл қайшылықтың шығу төркінін тарих ғылымдарының кандидаты, доктор Б. Кәрібаев былай түсіндіреді: «Біздің ойымызша, қайшылықтың негізіне Сыр өңірінде Жәнібек хан ұлдарының ықпалының өсуі мен нығаюы жатыр. Ішкі саяси өмірдегі осы қайшылықтың саясатқа да өз салқындығын тигізеді. Сол себепті де 1493-96 жылдары Түркістан аймағы үшін болған ұрыстар қиын да, ауыр ұзақ болады. Шайбани хан бірде Моғол ханына, бірде Мауренахрлық билеушілер жағына шығып, өз бағытын өзгертіп отырады. Бірақ ол негізгі қарсыласы – Бұрындық ханмен де жақындасуға ұмтылады. Жәнібек хан арасымен арадағы қайшылықтың одан әрі шиеленісуі Бұрындықты Шайбани ханмен күрес еткізеді.

«Сонымен бірге Бұрындық хан Шайбани хан екеуі арасындағы одақтастықты тереңдету үшін екі қызын шайбанилік екі сұлтанға ұзатады.» /4/. Ал, бұған қарсы Жәнібек ұлдары Моғолстан ханымен одақтасып, Қасым сұлтанның ағасы Әдік сұлтан Моғол ханының қолына ұйландасына үйленеді. Осылайша қазақ хандарының арасында бір-біріне қарама-қарсы екі топ пайда болады.

Бұл жағдайдың барлығы Бұрындық ханға жақсылық болып келмеді. Себебі хан болып ел билеушісі отырып, ел ішіндегі келіспеушіліктің орын алуына жол берген және осы екі топтың арасында ішінде өзінің де қатысуы – хан беделінің түсе бастауының белгісі еді.

Бұрындық ханның одан кейінгі өміріне өзгерістер әкелген де осы Шайбани хан еді. Ол қолына Моғол хандары Сұлтан Махмұт пен Сұлтан Ахмет ханды қаратады және қазақ жерін өзіне қаратып бағындыруды алдына мақсат етіп қояды. Сөйтіп қазақ хандарына қарсы 1493-1510 жыл арасында төрт рет жорық ұйымдастырады. Алайда, Бұрындық ханның бұл жорықтарда жіберген қателігі алғашқы үш жорыққа да жауап қатпауы, тағы 1509 жылдың қысында жорықтан алған үшінші жорық кезінде, жау әскерінің келе жатқанын есті отырып, ешқандай қарсылауға кетке көшпей қаша жөнеледі. Оның мұндай әрекет көрсетуін Б. Кәрібаев өзінің жоғарыда аталған мақаласында былай деп түсіндіреді: «Бұрындық ханның шарасыздық ісін, оның әдейі жоспарлы ойы деп түсінеміз. Жәнібек хан ұлдары неғұрлым әлсіресе, соғұрлым Бұрындық хан күші өсуі тиіс еді. Бірақ та бәрі керісінше шықты».

Бұрындық ханның билік еткен жылдарының соңында Шайбанидың тағы да жорығы орын алады. Ол енді Қасым сұлтан ұлысына бағытталады. Осы жылдардағы күресте Қасым сұлтан ханның беделі арта түседі. Ол жайында М.Х. Дулати еңбегінде: «... Бұл кезде Бұрындық хан билігінен саналғанымен, хандықты басқару және толық билік Қасым ханның қолында болды» /7/. Халықтың басым бөлігі Қасым ханды қолдап, соның жағына шығады, ол өз бетінше жорықтар ұйымдастырып, елді жеке басқарады.

XV ғасырдың алғашқы он жылының өзінде-ақ, Бұрындық бас хан болып тұрған кезде де, Бұрындық хандарының айтуына қарағанда жігерлі әскербасы болған Қасым сұлтан Керей хан мен Жәнібек ханның толып жатқан ұлдарының ішінен оза шықты.

Сонымен бірге де Қасым ханның хан атанбай-ақ хандық деңгейге көтерілгенін, саяси аренадағы билігін М.Х. Дулати былайша көрсетіп береді: «Қасым хан тағына отырмай жатып-ақ оның билігінің күштілігі соншалықты жоғары болғандықтан, Бұрындық ханды ешкім ауызға да алмайтын. Алайда Қасым хан Бұрындық ханның жанында болуды қаламайтын. Өйткені Бұрындық ханның жанында болатын болса, оны құрмет тұтуға тура келеді. Егер де құрмет көрсетпеген жағдайда сынға ілінетін еді. ...Бұрындық хан Сарайшыққа қоныс тепті. Қасым хан одан біріншілікше қашық жүрейін деп Моғолстан шекарасына кетіп қалды» /1,307/.

Одан ара Бұрындық ханның жағдайын Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и Рашиди» атты еңбегінде былай баяндайды: «... Сөйтіп Бұрындық ханға хандықтың атынан басқа ештеңе қалған жоқ. Ең ақырында Қасым хан Бұрындық ханды қуып жіберді. Сонымен Бұрындық Самарқанға кетіп, жат өлкеде өлді» /1,306/.

XV-XVI ғасырлардағы қазақ хандығының іргесін көтеруде, оның Сыр бойы қалалары үшін жүргізген күрестері (бұл қалаларды экономикалық және әскери тірегіне айналдыру, Дешті-Қыпшақ даласын билеудің басты тірегі болып келген еді), хандықтың күшеюіне қосқан үлесі, хандықты 40 жылдай билеуі тарихта өзіндік орнын алады. Алайда биліктің соңғы жылдарындағы жеке басының пайдасы үшін көптеген қателіктерге ұрынып, елін емес өз басының қамымен көптеген қателіктерге жол береді.

Тарих - өткенді білу, саралау, болашаққа болжам жасап, қателіктерді қайталамау десек, Бұрындық ханның да өмір жолында кездескен ел басқарудағы ағаттықтары кейінгі ұрпаққа сабақ болуға жарарлық.

### **Әдебиеттер тізімі**

Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и Рашиди». – Алматы «Тұран» баспасы. – 2003.-306 б.

Султанов Т.И. Кочёвые племена Приаралье в XV-XVII вв. М., 1982.-112 б.

Дүйсенов С. «Бұрындық хан туралы не білеміз?» Астана ақшамы. – 2003.-26 шілде.

Кәрібаев Б. Бұрындық хан. Егемен Қазақстан. – 1998.-16 қазан.

XV-XVIII ғғ. Қазақ хандығы тарихының материалдары. А., 1969.-217 б.

## **БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАҒЫТТАУ**

**Бақауова Г.Б. - магистр, аға оқытушы**

Қазақстанның әлемдік үрдістерге кірігуі, дамыған елдердің стандарттарына деген ұмтылысы еліміздің жаңа сапалық деңгейге жылдам өту қажеттілігін туындатуда. Осыған орай қазіргі кезде жасалып жатқан реформалар даму институттарының қалыптасуына немесе өсуден тұрақты даму кезеңіне өтуге бағытталған. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси бағыттардағы өрлеуіндегі осындай өзгерістер өмірдің барлық саласындағы шығармашыл тұлғаның мәртебесін көтеріп, мерейін үстем етуде. Осы заманғы білім беру жүйесінсіз әрі алысты барлап, кең ауқымды ойлай білетін осы заманғы оқытушыларсыз инновациялық экономика құра алмайтындығымыз жайлы еліміздің президенті Н.Ә.Назарбаев үстіміздегі жылғы Қазақстан халықтарына арнаған «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» атты Жолдауында ерекше аталып өтіліп, Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай білім керектігіне назар аударған болатын [1].

Осыған орай жүріп жатқан модернизациялау үрдісі – республикадағы білімнің сапасын арттырып, оның Халықаралық білім кеңістігіне кірігуіне деген қажеттіліктерін қанағаттандырады, еліміздің өркендеген елдердің қатарынан көрінеміз деген талабына тұғыр болады деп күтілуде.

Модернизациялаудың құқықтық негіздерін Қазақстан Республикасы стратегиялық дамуының 2030-жылға дейінгі бағдарламасы, және де басқа мемлекеттік нормативті құжаттар құрайды

Егеменді еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалып жатқан талпыныстар оқитудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекетінде креативті әрекет ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлғаны қалыптастыру ісіне ерекше мән берілуде.